



БҰЙРЫҚ

01.09.2023

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 175

город Шахтинск

Ата-аналардан заңсыз
ақша жинауға тыйым салу
туралы

Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 10 ақпандағы
№1 хаттамасының шешіміне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде жөндеу жүргізу, жиһаз,
құрал-жабдық сатып алу, мектеп ішін жинау үшін, педагогикалық ұжымға
сыйлық алу үшін, аттестаттау жүргізу үшін, мерекелік іс-шаралар және басқа
да мақсаттар үшін еріксіз ақшалай қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын.

2. Педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитеті мүшелері арасында
мектеп, сынып қажеттілігі үшін заңсыз ақша жинау сұрағы бойынша
түсіндерме жұмыстары жүргізілсін.

3. Лауазымдық өкілеттіктерді ақшалай сыйақылар мен өзге де
пайдалар алу үшін пайдалануға жол берілмесін

4. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын
қалыптастырылсын.

5. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып
жетекшілері, мұғалімдер мен тәрбиешілерге тәртіптік жаза қолданылсын.

6. Педагогикалық ұжым, қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар
комитеті төрайымдарына бұйрықпен таныстыруы директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары Н.М.Мухаметжановаға жүктелсін.

7. 2022 жылғы 01 қыркүйектегі №109 бұйрықтың күші жойылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 10
ақпандағы №1 хаттамасы

Директор



М.Аккулова